«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ» МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ «МИНИСТЕРСТВО КУЛЬТУРЫ И ИНФОРМАЦИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

27.10.2026 ж.
Астана қаласы

№ 495-НҚ
город Астана

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің 2027–2029 жылдарға арналған біліктілік пен дағдылар жүйесін дамыту жөніндегі салалық жоспарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Ұлттық экономика министрі С.М. Жұманғариннің 2026 жылғы 7 шілдедегі № 16-14/3634 тапсырмасын орындау мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің 2027–2029 жылдарға арналған біліктілік пен дағдылар жүйесін дамыту жөніндегі салалық жоспары (бұдан әрі – Жоспар) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің келесі құрылымдық бөлімшелері Жоспарда көзделген іс-шаралардың орындалуына дербес жауапты болып айқындалсын:

- Мәдениет комитеті;
- Архив, құжаттама және кітап ісі комиететі;
- Жастар және отбасы істері комиететі;
- Дін істері комитеті;
- БАҚ саласындағы мемлекеттік саясат департаменті;
- Креативті индустриялар департаменті.

3. Аталған құрылымдық бөлімшелер Жоспардың іске асырылуына жылына екі рет мониторинг жүргізуді және тиісті ақпаратты Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне белгіленген мерзімде тікелей ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің аппарат басшысына жүктелсін.

5. Осы бұйрық оған қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Министр **А. Қырықбаев**

010360

Қазақстан Республикасы Мәдениет және
ақпарат министрінің
2026 жылғы «27» 10 № 495-НҚ
бұйрығымен бекітілген

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің 2027–2029 жылдарға арналған біліктілік пен дағдылар жүйесін дамыту жөніндегі САЛАЛЫҚ ЖОСПАРЫ

1-БӨЛІМ. ЖОСПАР ПАСПОРТЫ

Атауы	Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің 2027–2029 жылдарға арналған біліктіліктер мен дағдылар жүйесін дамыту жөніндегі салалық жоспары
Жауапты мемлекеттік орган	Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі
Бірлесіп орындаушылар	ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі, ҚР Оқу-ағарту министрлігі, жергілікті атқарушы органдар, мәдениет және ақпарат саласының субъектілері (келісу бойынша)
Мақсаты	Салалық біліктілік жүйесін дамыту, сұранысқа ие кәсіптік және цифрлық дағдыларды қалыптастыру, еңбек нарығы, білім беру жүйесі, жұмыс берушілер және біліктілікті тану институттарының өзара іс-қимыл тетіктерін жетілдіру арқылы мәдениет және ақпарат саласын білікті кадрлармен қамтамасыз ету
Жоспардың құрылымы	Министрлік 7 қызмет саласын үйлестіреді, олардың әрқайсысына бейінді комитет (құрылымдық бөлімше) және кәсіптік біліктілік жөніндегі салалық кеңес (комиссия) бекітілген: мәдениет, архив ісі, баспа ісі, діни қызмет, ақпарат, жастар саясаты және отбасы саясаты. 2-бөлім (талдау) және 3-бөлім (нысаналы индикаторлар) деректерді және есептілікті әрбір комитеттің (бөлімшенің) бөлек жинауы үшін осы салалар бойынша құрылымдалған.

Іске асыру мерзімдері	2027–2029 жылдар
2029 жылға қарай күтілетін нәтижелер	- әрбір сала бойынша кадрларға деген қажеттілік, кадрлар даярлау және жұмысқа орналастыру арасындағы өзара байланыс қамтамасыз етілді; - саладағы барлық кәсіптердің кәсіптік стандарттармен қамтылуы 100%-ға жеткізілді; - жаңа және трансформацияланатын кәсіптерді қамти отырып, салалық біліктілік шеңберлері әзірленді және (немесе) өзектендірілді; - бөлінетін мемлекеттік білім беру тапсырысының көлемінің саланың кадрларға болжамды қажеттілігіне сәйкестігі қамтамасыз етілді; - цифрлық құзыреттер мен жасанды интеллект саласындағы дағдыларды ескере отырып кадрлар даярланды; - кәсіптік біліктілікті тану орталықтары құрылды; - ТжКБ және ЖЖОКБҰ түлектерінің кемінде 80%-ын жұмысқа орналастыру қамтамасыз етілді; - саланы сапалы жұмыс орындарымен қамтамасыз ету мақсатында инвестициялық жобалар іске асырылды.

Нормативтік-құқықтық негізі

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің 2027–2029 жылдарға арналған біліктіліктер мен дағдылар жүйесін дамыту жөніндегі салалық жоспары:

- «Кәсіптік біліктілік туралы» Қазақстан Республикасының Заңына;
- «Мәдениет туралы» Қазақстан Республикасының Заңына;
- «Масс-медиа туралы» Қазақстан Республикасының Заңына;
- «Ұлттық архив қоры және архивтер туралы» Қазақстан Республикасының Заңына;
- Ұлттық біліктілік шеңберіне;
- кәсіптік стандарттарды әзірлеу және (немесе) өзектендіру қағидаларына;
- еңбек нарығының кәсіптік біліктілікті тануға қажеттілігін қалыптастыру қағидаларына;
- кәсіптік біліктілікті тану орталықтарын аккредиттеу қағидаларына;

- кәсіптік біліктілікті тану қағидаларына;
- кәсіптік біліктілік жөніндегі салалық кеңестерді құру және олардың қызметі қағидаларына;
- кәсіптер тізілімін қалыптастыру, өзектендіру және жүргізу қағидаларына;
- Қазақстан Республикасының еңбек нарығын дамытудың 2024-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасына;
- Қазақстан Республикасының 2023-2029 жылдарға арналған мәдениет саясатын дамыту тұжырымдамасына;
- Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне және мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарына сәйкес әзірленді.

Мониторинг және бағалау тетігі: Жоспардың орындалуына мониторингті Министрліктің әрбәр салалық құрылымдық бөлімшесі жылына 2 рет жүргізеді, кейіннен Министрліктің жалпы есебіне жинақталады. Нәтижелері Кәсіптік біліктілік жөніндегі ұлттық кеңестің отырыстарында қарау үшін ЕХӘҚМ-ге жолданады.

Қысқартулар тізбесі:

- МАМ – Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі;
- ЕХӘҚМ – Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі;
- ҒЖБМ – Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі;
- ОАМ – Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі;
- СК – кәсіптік біліктілік жөніндегі салалық кеңестер (комиссиялар);
- ЖАО – жергілікті атқарушы органдар;
- ЕРДО – Еңбек ресурстарын дамыту орталығы;
- ҰБШ – Ұлттық біліктілік шеңбері;
- СБШ – салалық біліктілік шеңбері;
- КС – кәсіптік стандарт;
- ҰКС – Кәсіптер ұлттық сыныптауышы;
- ББББ – білім беру бағдарламалары;
- ЖЖОКБҰ – жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары;
- ТжКБ – техникалық және кәсіптік білім беру;
- БТКЖ – Бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығы;
- БА – лауазымдардың біліктілік анықтамалығы;
- ТБК – типтік біліктілік сипаттамалары.

2-БӨЛІМ. САЛАЛЫҚ БІЛІКТІЛІК ЖҮЙЕСІ МЕН КАДРЛЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІҢ АҒЫМДАҒЫ ЖАЙ-КҮЙІН ТАЛДАУ

Кәсіби біліктілікті дамыту мәселелерін үйлестіру мақсатында Министрлік жанында 7 консультативтік-кеңесші орган – салалық кеңестер (бұдан әрі – СК) құрылды: архив ісі, баспа ісі, діни қызмет, ақпарат, мәдениет, жастар саясаты және отбасы саясаты.

Саланың кәсіптік стандарттар тізілімінде 121 тіркелген кәсіптік стандарт бар. 2026 жылғы 17 тамыздағы жағдай бойынша олардың 105-і қолданыста, олар Кәсіптер ұлттық сыныптауышы бойынша саладағы 366 кәсіптің 75-ін қамтиды *(20,5 %)*.

Министрлікпен 2026 жылға арналған кәсіптік стандарттарды әзірлеу және (немесе) өзектендіру жоспарында 7 кәсіптік стандарт *(105 мамандық карточкасы)* көзделген, оның ішінде 6-уын өзектендіру *(«Дін саласындағы қызмет», «Әртіс», «Режиссерлер (жанрлар мен қызмет түрлері бойынша)», «Суретші (жанрлар мен қызмет түрлері бойынша)», «Қолөнер өндірісі», «Ұлттық архив қорының сақталуын қамтамасыз ету»)* және 1 стандартты әзірлеу *(«Операторлық өнер»)*.

Салалар бөліндісіндегі жиынтық кесте

Сала	Маман дықтар	ПС-пен қамтылған	Қамтылмаған	Қамту %	Жұмыспен қамтылуы, адам	Бос жұмыс орындары
Мәдениет	183	39	144	21,3 %	79 436	8 855
БАҚ	77	72	5	93,5 %	10 637	688
Баспа ісі	51	51	0	100 %	2 225	79
Дін	25	3	22	12,0 %	2 229	231
Архив ісі және құжаттаманы басқару	19	18	1	95 %	63	17
Жастар саясаты	3	2	1	66,7 %	2 819	178
Отбасы саясаты	5	4	0	100 %	564	0
БАРЛЫҒЫ	**363**	**190**	**173**	**69,79 %**	**97 973**	**10 048**

2.1. Мәдениет

Жауапты: Мәдениет комитеті. Салалық біліктілік шеңбері – «Мәдениет». ҰКС бойынша Министрлік қарауына жатқызылған саладағы 183 кәсіптің 39-ы *(21,3%)* қолданыстағы кәсіптік стандартпен қамтылған; 144 кәсіп қамтылмаған. Қолданыстағы еңбек шарттарының саны – 79 436, ашық бос жұмыс орындары – 8 855.

2025 жылдың қорытындысы бойынша «Мәдениет» саласының мамандықтары бойынша 4 054 адам оқу бітірді, оның 2 282-сі (56,3%) жұмысқа орналастырылды. 2026 жылы бітірушілер саны 3 394 адамды, білім алушылар контингенті 13 946 адамды құрайды.

Режиссура мен кинематографияның жекелеген мамандықтары кәсіптік стандарттармен қамтылған: театр режиссурасы *(драмалық, музыкалық, қуыршақ театрының режиссері, жаппай қойылымдар режиссері, цирк режиссері)* – Қазақстан Республикасының «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы Басқарма төрағасының м.а. 2022 жылғы 20 желтоқсандағы № 239 бұйрығымен, ол Мәдениет саласындағы кәсіби біліктілік бойынша Салалық кеңес мәжілісінің 2026 жылғы 19 маусымдағы № 3 хаттамасымен; кинематография режиссурасы *(музыкалық дыбыс режиссері, кинематография саласындағы қызмет түрлері мен жанрлары бойынша режиссер, анимациялық фильм режиссері)* және сценография *(қуыршақ театрының, театр декорацияларының, костюмдер бойынша, грим бойынша қоюшы суретші, суретші-гример, жарық суретшісі)* – Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің м.а. 2024 жылғы 17 сәуірдегі № 150 бұйрығымен өзектендірілген. Осы бұйрықпен реставраторлардың *(монументалды кескіндеме, станкті кескіндеме, сәндік-қолданбалы өнер суретші-реставраторы, сәулетші-реставратор)* кәсіптік стандарттары бекітілген.

Саланың ең көп таралған мамандықтары: музыкалық жетекші *(6 329 адам)*, артист *(3 109 адам)*, хореограф *(2 244 адам)*. Бос жұмыс орындарының саны бойынша ең тапшы: музыкалық жетекші *(742)*, хореограф *(456)*.

2.2. БАҚ

Жауапты: БАҚ саласындағы мемлекеттік саясат департаменті/Ақпарат комитеті. Салалық біліктілік шеңбері – «Бұқаралық ақпарат құралдары».

ҰКС бойынша Министрлік қарауына жатқызылған саладағы 77 мамандығының ішінде қолданыстағы КС 72-сін *(93,5%)* қамтиды; 5-і қамтылмаған. Қолданыстағы еңбек шарттарының саны – 10 637, ашық жұмыс орындары – 688.

Қазақстан Республикасының жоғары білім беру ұйымдарында «Журналистика» бағыты бойынша мамандарды дайындау жүйесіне жүргізілген талдау шеңберінде.

Қазіргі уақытта журналистерді 27 жоғары оқу орындарында дайындап жатыр, оларда бакалавриат, магистратура және докторантура бағдарламалары бойынша 6 241 студент оқиды, бұл ҚР жоғары оқу орындарының барлық студенттерінің жалпы санының *(шамамен 680 мың)* шамамен 1%-ын құрайды. Жыл сайын 1 500-ге жуық студент бітіреді.

2025 жылдың қорытындысы бойынша «БАҚ» саласының мамандықтары бойынша 1 389 адам бітірді, оның 774-і *(55,7%)* жұмысқа орналасты. 2026 жылы түлектер саны 2 482 адамды, ал білім алушылар контингенті 8 437 адамды құрайды.

«Журналистика» мамандығы бойынша 2025-2026 оқу жылындағы контингент 4 867 бакалаврды *(оның ішінде 1 733-і немесе 35,6% гранттa)*, 226 магистрантты *(157-сі немесе 69,5% гранттa)*, 105 докторантты *(94-і немесе 89,5% гранттa)* құрайды.

2020-2026 жылдардағы түлектер саны 4 856 бакалаврды, 727 магистрді және 43 PhD докторын құрады, орта есеппен жылына шамамен 800 түлек шығады, бұл саланың журналистерге болжамды қажеттілігімен *(2026-2030 жылдарға 1 688 адам)* сәйкес келеді. Ең көп контингент «Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» КЕАҚ-да *(758 бакалавр)*, «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» КЕАҚ-да *(394)*, «М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» КЕАҚ-да *(262)*, «Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті» КЕАҚ-да *(233)* және «SDU University»-де *(208)* дайындалуда.

Білім беру бағдарламалары медиасаланың цифрлық трансформациясын ескере отырып, белсенді түрде модернизациялануда. Білім беру бағдарламаларының мазмұны веб-журналистиканы, мультимедиялық технологияларды, трансмедиалық сторителлингті, медианарықты талдауды және бұқаралық ақпарат құралдарын басқаруды қоса алғанда, заманауи құзыреттіліктерді қалыптастыруға бағытталған, бұл халықаралық білім беру стандарттарына және цифрлық экономика талаптарына сәйкес келеді. Жалпы алғанда, талдау Қазақстандағы журналистика саласындағы кадрларды дайындау жүйесі тұрақты дамуды, контингенттің өсуін және түлектердің жұмысқа орналасу деңгейінің артуын көрсетіп тұр.

2.3. Креативті индустриялар

Жауапты: Креативті индустриялар департаменті. Салалық біліктілік шеңбері – «Креативті индустриялар». «Креативті индустриялар» саласында кадрларды 6 жоғары және ЖЖОКБҰ даярлайды, Білім беру бағдарламаларының *(бұдан әрі – ББ)* тізіліміне 7 ББ енгізілген:

6В04110 Креативті индустриялар және продюсерлік ББ *(Халықаралық білім беру корпорациясы)* креативті индустриялар саласында жұмыс істеуге, мәдени жобаларды басқаруға, таланттар мен инфлюенсерлерді басқаруға, сондай-ақ креативті өнімдер мен мультимедиялық продюсерлікті әзірлеуге арналған IT дағдылары мен кәсіпкерлік ойлау қабілеті бар жоғары білікті кадрларды даярлауға бағытталған.

7М04127 Креативті индустриялардағы басқару *ББ (Алматы менеджмент университеті)* креативті индустриялар саласында білікті әрі бәсекеге қабілетті мамандарды, мәдениет ұйымдарының басқарушыларын, креативті өнімдерді жасаушыларды және кәсіпкерлік құзыреттері мен авторлық тәсілі бар сарапшыларды даярлауға бағытталған.

7М02105 Креативті индустриялар ББ *(әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті)* жоғары оқу орындарының ғылыми-білім беру саласына арналған кәсіби кадрларды сапалы даярлауды жүзеге асырады. Олар креативті индустрияның ғылыми негіздерін зерделеуге, өнімдер мен қызметтер нарығының шығармашылық кластерінде іргелі білімді қолдануға, тұрақты даму мақсатында ойлау модельдерін интеграциялауға және ілгерілетуге, сондай-ақ білім экономикасы, мәдениет және цифрлық медиа салаларында бірегей траектория құруға қабілетті.

7М04151 Креативті экономика ББ *(әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті)* инновациялық қызметке, креативті жобалар мен бизнес-модельдерді құруға және дамытуға қабілетті, қазіргі экономикалық ортада табысты қызмет атқаратын жоғары білікті, бәсекеге қабілетті мамандарды даярлауға бағытталған.

6В03203 Жарнама және PR ББ *(Кенжегали Сағадиев атындағы Халықаралық бизнес университеті)* бұқаралық және арнайы коммуникациялардың теориялық және практикалық аспектілерін білетін, жарнама, PR технологияларын, медиаконтентті жасау және басқару технологияларын, медиажоспарлау, жобаларды басқару, маркетингтік зерттеулер жүргізу дағдыларын меңгерген жарнама және қоғаммен байланыс саласындағы мамандарды даярлауға бағытталған.

6В03131 Жарнама психологиясы және қоғаммен байланыс ББ *(Орталық Қазақстан академиясы)* жарнама және осы саладағы қызмет бойынша болашақ мамандардың тапсырыс берушінің сұраныстарына сәйкес қоғамдық пікірге ықпал ету мақсатында адамдарға психологиялық әсер ету технологияларын, әдістері мен құралдарын меңгеруге бағытталған негізгі құзыреттерін қалыптастыруға бағытталған.

6В04105 Жарнама және маркетингтік коммуникациялар ББ *(Де Монтфорт Юниверсити Қазақстан)* маркетинг және жарнама саласында маркетингтік коммуникациялардың элементтерін, оның ішінде тәуекел мен белгісіздік жағдайындағы сұранысты ескере отырып, цифрлық перспективаларға баса назар аудара отырып бренд құруға арналған жарнаманы сыни тұрғыдан пайымдай алатын жоғары білікті кадрларды даярлауға бағытталған.

Осылайша, «Операторлық және фотоөнер», «Режиссура», «Кино және ТВ режиссурасы», «Сахна өнері және цирк режиссурасы», «Режиссура, арт-менеджмент», «Сценография», «Анимация режиссурасы» ББ топтары бойынша 54 ББ енгізілген.

«Музыкатану», «Дәстүрлі музыкалық өнер», «Аспаптық орындаушылық», «Эстрада өнері» ББ топтары бойынша – 132 ББ.

«Мода, дизайн», «Фэшн дизайн» ББ топтары бойынша – 110 ББ.

«Бейнелеу өнері», «Арт-менеджмент», «Сәндік өнер», «Бейнелеу өнері», «Композиция» ББ топтары бойынша – 69 ББ.

«Хореография» ББ тобы бойынша – 28 ББ.

Сонымен қатар, жоғары оқу орындары еңбек нарығына арналған білім беру бағдарламаларын оқу-әдістемелік бірлестіктердің, «Атамекен» ҰКП-ның, бизнес өкілдерінің, мүдделі мемлекеттік органдардың, кәсіпорындар мен жұмыс берушілердің міндетті қатысуымен әзірлейді.

Қазіргі уақытта жоғары оқу орындарының алдына білім беру бағдарламаларын кәсіптік стандарттар негізінде әзірлеу және жаңарту міндеті қойылған. Алайда қазіргі таңда «Креативті индустриялар» саласында кәсіптік стандарт жоқ.

2.4. Баспа ісі

Жауапты: Архив, құжаттама және кітап ісі комитеті. Салалық біліктілік шеңбері – «Баспа-полиграфия өндірісі».

ҰКС бойынша Министрлік қарауына жатқызылған саладағы 51 кәсіптің 51-і *(100%)* қолданыстағы кәсіптік стандартпен қамтылған. Қолданыстағы еңбек шарттарының саны – 2 225, ашық бос жұмыс орындары – 79.

2025 жылдың қорытындысы бойынша 569 адам оқу бітірді, оның 402-сі *(70,5%)* жұмысқа орналастырылды. 2026 жылы 441 адам оқу бітірді, 277 адам жұмысқа орналастырылды *(62,7%)*, білім алушылар контингенті – 1 166 адам.

2.5. Дін

Жауапты: Дін істері комитеті. Салалық біліктілік шеңбері – «Дін».

ҰКС бойынша Министрлік қарауына жатқызылған саладағы 25 кәсіптің 3-еуі *(12,0%)* қолданыстағы кәсіптік стандартпен қамтылған; 22 кәсіп қамтылмаған. Қолданыстағы еңбек шарттарының саны – 2 229, ашық бос жұмыс орындары – 231.

2025 жылдың қорытындысы бойынша «Дін» саласының мамандықтары бойынша 360 адам бітірді, 198-і *(55,0%)* жұмысқа орналастырылды. 2026 жылы түлектер саны 655 адамды құрайды, білім алушылар контингенті – 2 886 адам.

2.6. Архив ісі және құжаттаманы басқару

Жауапты: Архив, құжаттама және кітап ісі комитеті. Салалық біліктілік шеңбері – «Архив ісі және құжаттаманы басқару».

ҰКС бойынша Министрлік қарауына жатқызылған саладағы 19 кәсіптің 18-і *(95%)* қолданыстағы кәсіптік стандартпен қамтылған; 1 кәсіп қамтылмаған. Қолданыстағы еңбек шарттарының саны – 63, ашық бос жұмыс орындары – 17.

2026 жылы салаға сәйкес келетін мамандықтар бойынша түлектер саны 207 адамды, білім алушылар контингенті – 744 адамды құрайды.

Салада штаттық саны 3 644 адамды құрайтын 236 мемлекеттік архив жұмыс істейді. Сондай-ақ, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, меншік нысанына қарамастан барлық ұйымдардың ведомстволық архивтері болады, онда архивариус болуы көзделген, сонымен қатар ұйымның іс жүргізуін қалыптастыру мәселелерін жүзеге асыратын құжаттама қызметтері болады.

Талдауға сәйкес, архив саласының 2027-2030 жылдарға арналған кадрлар қажеттілігі 1 565 адамды құрайды. Мысалы, 1 315 архивист қажет, оның ішінде IT-технологияларын білетіндер – 300, палеографтар – 5, реставраторлар – 95, іс жүргізушілер – 150.

Мемлекеттік архивтердегі төмен жалақыға байланысты *(150 000-нан 250 000 теңгеге дейін)* кадрлардың жыл сайынғы ауысуы 12,6 % шегінде байқалады, ағымдағы жылы ауысу өткен кезең деңгейінде. Ұйымдардың ведомстволық архивтерінде де соған ұқсас жағдай *(80 000-нан 120 000 теңгеге дейін)*.

2024-2025 жылдан бастап бәсекеге қабілеттілікті және мамандық беделін арттыру мақсатында жұмыс берушілермен бірлесіп, жоғары оқу орындарының «Ақпаратты өңдеу және архив ісі», «Архивтану», «Құжаттану және құжаттамалық қамтамасыз ету» бағыттары бойынша Білім беру бағдарламаларының (ББ) Реестріне 14 білім беру бағдарламасы енгізілді, оның ішінде жаңа «Цифрлық архивтану және құжаттану», «Архив және ақпараттық жүйелер», «Архивтану және кітапханалық-ақпараттық қызмет» ББ-лары бар. Бүгінгі таңда «Құжаттану» және «Архив ісі» бағыттары бойынша барлық 36 ББ 5 негізгі кәсіби карта негізінде – архивист, археограф, архив қоймасының меңгерушісі, қорлардың бас сақтайтын управляйшысы, палеограф бойынша жаңартылған кәсіптік стандарт негізінде әзірленген. ТЖББ

(ТиПО) жүйесінде «Құжаттанушы» немесе «Іс жүргізу және құжаттану» бағыттары бойынша даярлау жүзеге асырылады.

Мемлекеттік архивтер мен кітапханалардың кадрлық әлеуетін жас білікті мамандармен күшейту мақсатында соңғы үш жылда жоғары білімді кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысының көлемі екі рет ұлғайтылды: егер 2023 жылға дейін 20-дан аспаған грант бөлінген болса, 2024-2025 оқу жылында «Кітапхана ісі, ақпаратты өңдеу және архив ісі» мамандығы бойынша бакалаврларды даярлауға 122 грант *бөлінді (соның ішінде Атырау сблысы – 10, Маңғыстау облысы – 12),* 2025-2026 оқу жылына – 118 грант *(батыс өңірлеріне – 7, Маңғыстау облысына – 12).* Магистрлерді даярлауға: 2023-2024 оқу жылында – 20 грант және 3 PhD, 2024-2025 оқу жылында – 25 грант және 3 PhD, 2025-2026 оқу жылында – 25 грант және 6 PhD.

2.7. Жастар саясаты

Жауапты: Жастар және отбасы істері комитетінің Жастар саясаты мәселесі бойынша өңірлерді үйлестіру басқармасы. Біліктілік шеңбері – «Жастар саясаты».

ҰКС бойынша 3 кәсіптің 2-еуі *(66,7%)* қолданыстағы кәсіптік стандартпен қамтылған; 1 кәсіп қамтылмаған. Қолданыстағы еңбек шарттарының саны – 2 819, ашық бос жұмыс орындары – 178.

2026 жылы бітірушілер саны 522 адамды, білім алушылар контингенті 1 816 адамды құрайды.

2.8. Отбасы саясаты

Жауапты: Жастар және отбасы істері комитетінің Отбасы саясатын үйлестіру басқармасы. Салалық біліктілік шеңбері – «Отбасы саясаты».

ҰКС бойынша 5 кәсіптің 5-еуі *(100%)* қолданыстағы кәсіптік стандартпен қамтылған. Қолданыстағы еңбек шарттарының саны – 564, ашық бос жұмыс орындары – 0.

2.9. Саланың 5 жылға кадрларға қажеттілігінің болжамы

Ұлттық кадрлық қажеттіліктерді болжау моделінің мәліметтері бойынша, 2030 жылға дейін мәдениет және ақпарат салаларына шамамен 166,7 мың маман қажет болады, соның ішінде архивистерге деген болжамды қажеттілік те есепке алынған (*1 315 адам).* Ең сұранысқа ие кәсіби топтар ретінде мыналар қалады: жарнама және өнімді ілгерілету мамандары *(6 630 адам, БАҚ саласы),* әлеуметтік жұмысты ұйымдастыру және жүргізу бойынша қызметкерлер, соның ішінде жастармен жұмыс істейтіндер (*5 888 адам, «Жастар саясаты» саласы*), кітапханашылар *(3 712 адам, «Мәдениет» саласы),* телекоммуникация инженерлері *(2 719 адам, БАҚ саласы),* музыканттар, әншілер және композиторлар *(2 192 адам, «Мәдениет» саласы),* журналистер *(1 688 адам, БАҚ саласы).*

2.10. Технологиялық трансформацияға, автоматтандыруға және жасанды интеллекттің ықпалына ұшырайтын кәсіптер

2029 жылға дейін функциялары автоматтандырылатын кәсіптерге «Баспа ісі» саласының үш кәсібі жатқызылды. Трансформацияланатын кәсіптерге саланың

64 кәсіптік тобы жатқызылды. БАҚ саласы үшін «AI-контент продюсері» жаңа кәсібі айқындалды.

2.11. Түлектердің жұмысқа орналасу деңгейі (сала бойынша кесінді)

2025 жылдың қорытындысы бойынша жалпы алғанда мәдениет және ақпарат саласына жатқызылған мамандықтар бойынша 5 881 адам бітірді, 3 301 адам жұмысқа орналасты *(қолданыстағы еңбек шарты бар)*, бұл 56,1%-ды құрайды. 2026 жылы сала мамандықтары бойынша түлектер саны 7 269 адамды, барлық курстардың білім алушылар контингенті – 27 839 адамды құрайды.

3-БӨЛІМ. ІС-ҚИМЫЛ ЖОСПАРЫ

№ р/н	Негізгі іс-шаралардың атауы	Аяқталу нысаны	Аяқталу мерзімі	Жауапты орындаушылар
1-ТАРАУ. САЛА МАМАНДЫҚТАРЫН КӘСІПТІК СТАНДАРТТАРМЕН ҚАМТУ				
1-нысаналы индикатор (жиынтық). Кәсіптік стандарттармен қамтылған сала мамандықтарының үлесі *(2026 жыл – 18,0 %, 2027 жыл – 46 %, 2028 жыл – 73 %, 2029 жыл – 100 %).* ***2-нысаналы индикатор (жиынтық).*** Қолданыстағы кәсіптік стандарты жоқ мамандықтар бойынша әзірленген кәсіптік стандарттардың саны, өспелі қорытындымен *(2026 жыл – 1 бірлік, 2027 жыл – 99 бірлік, 2028 жыл – 197 бірлік, 2029 жыл – 293 бірлік)*				
**МАМ қарамағындағы салалар бөлінісіндегі 1 және 2-көрсеткіштер (бейінді комитеттердің/құрылымдық бөлімшелердің жауапкершілігін бекіту үшін):*				
Сала: **Мәдениет** *(жауапты - Мәдениет комитеті)*				
Индикатор 1. Мәдениет. КС-мен қамтылған сала мамандықтарының үлесі *(2026 жыл – 21,3 %, 2027 жыл – 48,6 %, 2028 жыл – 76 %, 2029 жыл – 100 %).* ***Индикатор 2. Мәдениет.*** Қамтылмаған сала мамандықтары бойынша әзірленген КС саны, өспелі қорытындымен *(2026 жыл – 0 бірлік, 2027 жыл – 5 бірлік, 2028 жыл – 5 бірлік, 2029 жыл – 5 бірлік)*				
1	2026 жылғы жағдай бойынша қолданыстағы кәсіптік стандарты жоқ «Мәдениет» саласының 15 мамандығына кәсіптік стандарттар әзірлеу: 2027 жылы – 5, 2028 жылы – 5, 2029 жылы – 5	бекітілген кәсіптік стандарттар	желтоқсан (жыл сайын)	Мәдениет комитеті, СК
Сала: **БАҚ** *(жауапты - Бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы мемлекеттік саясат департаменті/ Ақпарат комитеті))*				
Индикатор 1. БАҚ. КС-мен қамтылған сала мамандықтарының үлесі *(2026 жыл – 6,5 %, 2027 жыл – 2,6 %, 2028 жыл – 1,3%, 2029 жыл – 2,6 %).*				

Индикатор 2. БАҚ. Қамтылмаған сала мамандықтары бойынша әзірленген КС саны, өспелі қорытындымен *(2028 жыл – 2 бірлік, 2029 жыл – 3 бірлік)*				
2	2026 жылғы жағдай бойынша қолданыстағы кәсіптік стандарты жоқ «БАҚ» саласының 5 мамандығына кәсіптік стандарттар әзірлеу: 2028 жылы – 2, 2029 жылы – 3	бекітілген кәсіптік стандарттар	желтоқсан (жыл сайын)	Бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы мемлекеттік саясат департаменті, СК
Сала: **Креативті индустрия** *(жауапты - Креативті индустриялар департаменті)*				
Индикатор 1. Креативті индустрия. КС-мен қамтылған сала мамандықтарының үлесі *(2026 жыл – 90 %, 2027 жыл – 100 %, 2028 жыл – 100 %, 2029 жыл – 100 %).* ***Индикатор 2. Креативті* индустрия.** Қамтылмаған сала мамандықтары бойынша әзірленген КС саны, өспелі қорытындымен (*2026 жыл – 1 бірлік, 2027 жыл – 0 бірлік, 2028 жыл – 0 бірлік, 2029 жыл – 0 бірлік)*				
3	2026 жылғы жағдай бойынша қолданыстағы кәсіптік стандарты жоқ «*Креативті индустрия*» саласының 1 мамандығына кәсіптік стандарт әзірлеу: 2027 жылы – 0, 2028 жылы – 0, 2029 жылы – 0)	бекітілген кәсіптік стандарттар	желтоқсан 2026 жыл	Креативті индустриялар департаменті, СК
Сала: **Баспа ісі** *(жауапты - Архив, құжаттама және кітап ісі комитеті)*				
Индикатор 1. Баспа ісі. КС-мен қамтылған сала мамандықтарының үлесі *(2026 жыл – 0 %, 2027 жыл – 33,3 %, 2028 жыл – 66,7 %, 2029 жыл – 100 %).* ***Индикатор 2. Баспа ісі.*** Қамтылмаған сала мамандықтары бойынша әзірленген КС саны, өспелі қорытындымен *(2026 жыл – 0 бірлік, 2027 жыл – 17 бірлік, 2028 жыл – 34 бірлік, 2029 жыл – 51 бірлік)*				
4	2026 жылғы жағдай бойынша қолданыстағы кәсіптік стандарты жоқ «Баспа-полиграфия өндірісі» саласының 51 мамандығына кәсіптік стандарттар әзірлеу: 2027 жылы – 0, 2028 жылы – 0, 2029 жылы -- 0	бекітілген кәсіптік стандарттар	желтоқсан (жыл сайын)	Архивтер, құжаттама және кітап ісі комитеті, СК
Сала: **Дін** *(жауапты - Дін істері комитеті)*				
Индикатор 1. Дін. КС-мен қамтылған сала мамандықтарының үлесі *(2026 жыл – 12%, 2027 жыл – 40%, 2028 жыл – 68%, 2029 жыл – 100%).* ***Индикатор 2. Дін.*** Қамтылмаған сала мамандықтары бойынша әзірленген КС саны, өспелі қорытындымен *(2026 жыл – 0 бірлік, 2027 жыл – 7 бірлік, 2028 жыл – 14 бірлік, 2029 жыл – 22 бірлік)*				

5	2026 жылғы жағдай бойынша қолданыстағы кәсіптік стандарты жоқ «Дін» саласының 22 мамандығына кәсіптік стандарттар әзірлеу: 2027 жылы – 7, 2028 жылы – 7, 2029 жылы – 8	бекітілген кәсіптік стандарттар	желтоқсан (жыл сайын)	Дін істері комитеті, СК
Сала: **Архив ісі және құжаттаманы басқару** *(жауапты - Архивтер, құжаттама және кітап ісі комитеті)*				
Индикатор 1. Архив ісі және құжаттаманы басқару. КС-мен қамтылған . сала мамандықтарының үлесі *(2026 жыл – 95 %, 2027 жыл – 98 %, 2028 жыл – 100 %, 2029 жыл – 100 %).* ***Индикатор 2. Архив ісі.*** Қамтылмаған сала мамандықтары бойынша әзірленген КС саны, өспелі қорытындымен *(2026 жыл – 0 бірлік, 2027 жыл – 1 бірлік, 2028 жыл – 0 бірлік, 2029 жыл – 0 бірлік)*				
6	2026 жылғы жағдай бойынша қолданыстағы кәсіптік стандарты жоқ «Құжаттамашы» саласының 1 мамандығына кәсіптік стандарт әзірлеу: 2027 жылы – 1, 2028 жылы – 0, 2029 жылы – 0	бекітілген кәсіптік стандарттар	желтоқсан (жыл сайын)	Архивтер, құжаттама және кітап ісі комитеті, СК
Сала: **Жастар саясаты** *(жауапты - Жастар және отбасы істері комитетінің Жастар саясаты мәселелері бойынша өңірлерді үйлестіру басқармасы)*				
Индикатор 1. Жастар саясаты. КС-мен қамтылған сала мамандықтарының үлесі *(2026 жыл – 66,7%, 2027 жыл – 66,7%, 2028 жыл – 66,7%, 2029 жыл – 100%).* ***Индикатор 2. Жастар саясаты.*** Қамтылмаған сала мамандықтары бойынша әзірленген КС саны, өспелі қорытындымен *(2026 жыл – 0 бірлік, 2027 жыл – 0 бірлік, 2028 жыл – 0 бірлік, 2029 жыл – 1 бірлік)*				
7	2026 жылғы жағдай бойынша қолданыстағы кәсіптік стандарты жоқ «Жастар саясаты» саласының 1 мамандығына кәсіптік стандарт әзірлеу: 2027 жылы – 0, 2028 жылы – 0, 2029 жылы – 1	бекітілген кәсіптік стандарттар	желтоқсан (жыл сайын)	Жастар саясаты мәселелері бойынша өңірлерді үйлестіру басқармасы, СК
Сала: **Отбасы саясаты** *(жауапты - Жастар және отбасы істері комитетінің Отбасы саясатын үйлестіру басқармасы)*				
Индикатор 1. Отбасы саясаты. КС-мен қамтылған сала мамандықтарының үлесі *(2026 жыл – 100%, 2027 жыл – 100%, 2028 жыл – 100%, 2029 жыл - 100%).* ***Индикатор 2. Отбасы саясаты.*** Қамтылмаған сала мамандықтары бойынша әзірленген КС саны, өспелі қорытындымен *(2026 жыл – 0 бірлік, 2027 жыл – 0 бірлік, 2028 жыл – 0 бірлік, 2029 жыл – 1 бірлік)*				
8	2026 жылғы жағдай бойынша қолданыстағы кәсіптік стандарты жоқ «Отбасы саясаты» саласының 1	бекітілген кәсіптік стандарттар	желтоқсан (жыл сайын)	Отбасы саясатын

	мамандығына кәсіптік стандарт әзірлеу: 2027 жылы – 0, 2028 жылы – 0, 2029 жылы – 1			үйлестіру басқармасы, СК
3-нысаналы индикатор. Салалық кеңестердің (комиссиялардың) жылдық жұмыс жоспарларының орындалу үлесі *(2026 жыл – м/ж, 2027 жыл – 80%, 2028 жыл – 90%, 2029 жыл – 95%).* ***4-нысаналы индикатор.*** Жаңа салалық кеңестердің (комиссиялардың) саны *(2026 жыл – 0, 2027 жыл – 0, 2028 жыл – 0, 2029 жыл – 0)*				
9	Сала сарапшыларын тарта отырып, салалық кеңестердің (комиссиялардың) құрамының сапасын қамтамасыз ету	Министрдің бұйрығы	қажеттілігіне қарай	МАМ (сала бойынша), СК
10	Салалық кеңестердің (комиссиялардың) қызметіне кешенді шолу мен талдау жүргізу	ақпараттық-талдау материалдары	жарты жылда 1 рет	МАМ, СК
11	Салалық кеңестердің (комиссиялардың) жылдық жұмыс жоспарын әзірлеу және бекіту	хаттама және СК бекітілген жоспары	қаңтар (жыл сайын)	МАМ (сала бойынша), СК
12	Кәсіптік стандарттар мен мамандықтар карточкалары қарауға түсуіне қарай салалық кеңестердің (комиссиялардың) отырыстарын өткізу	СК отырысының хаттамасы	қажеттілігіне қарай	МАМ (сала бойынша), СК
2-ТАРАУ. ТЕХНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІПТІК БІЛІМ, ОРТА БІЛІМНЕН КЕЙІНГІ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДА КАДРЛАР ДАЯРЛАУ				
5-нысаналы индикатор. КС талаптары негізінде әзірленген «Өнер» және «Журналистика» бағыттары бойынша, сондай-ақ «Гуманитарлық ғылымдар», «Әлеуметтік ғылымдар» және «Әлеуметтік жұмыс» бағыттарының анықталған бейінді бағдарламалары бойынша ЖЖОКБҰ білім беру бағдарламаларының үлесі *(2026 жыл – 76,9 %, 2027 жыл – 85 %, 2028 жыл – 92 %, 2029 жыл – 98 %).* ***6-нысаналы индикатор.*** КС талаптары негізінде әзірленген ТжКБ ұйымдарының білім беру бағдарламаларының үлесі *(2026 жыл – 97,5 %, 2027 жыл – 98 %, 2028 жыл – 99 %, 2029 жыл – 100 %).* ***7-нысаналы индикатор.*** Цифрлық трансформация және жасанды интеллектінің ықпалы жағдайында әзірленген инновациялық білім беру бағдарламаларының үлесі *(2026 жыл – м/ж, 2027 жыл – 10 %, 2028 жыл – 20 %, 2029 жыл – 35 %)*				
13	Салалар бойынша салалық кадрларға қажеттілікті болжауға сәйкес мемлекеттік білім беру тапсырысының көлемін бөлу бойынша ҒЖБМ мен ОМ-ге ұсыныстар қалыптастыру	жиынтық үшін ҒЖБМ-ге ұсыныстар	қажеттілігіне қарай	ЕХӘҚМ, МАМ (сала бойынша), ҒЖБМ, ОАМ, ЕРДО

14	Жетекшілік ететін салалар бойынша ЖЖОБҰ мен ТжКБ білім беру бағдарламаларының саланың кәсіптік стандарттарына сәйкестігін талдау	талдау ақпараты	жыл сайын	ҒЖБМ, ӨАМ, МАМ
15	Саланың жаңа және трансформацияланатын мамандықтары бойынша білім беру бағдарламаларын өзектендіру және әзірлеу, соның ішінде ЖИ құралдарымен жұмыс істеу құзыреттерін ескере отырып	ББ Тізіліміне енгізілген білім беру бағдарламалары	жыл ішінде	ҒЖБМ, ҚАМ, МАМ
3-ТАРАУ. ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ ҚАЙТА ДАЯРЛАУ, БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУ ЖӘНЕ КАДРЛАРДЫ ЖҰМЫС ОРЫНДАРЫМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ				
8-нысаналы индикатор. Цифрландыруды және ЖИ енгізуді ескере отырып, қайта даярлаудан және біліктілігін арттырудан өткен сала қызметкерлерінің саны *(2026 жыл – м/ж, 2027 жыл – нақтылануда, 2028 жыл – нақтылануда, 2029 жыл – нақтылануда).* ***9-нысаналы индикатор.*** «Skills Enbek» платформасында әзірленген салалық курстардың саны, өспелі қорытындымен *(2026 жыл – 0, 2027 жыл – 3 бірлік, 2028 жыл – 8 бірлік, 2029 жыл – 13 бірлік)*				
16	Цифрландыруды және ЖИ енгізуді ескере отырып, сала қызметкерлерін қайта даярлауды және біліктілігін арттыруды ұйымдастыру	Есептік ақпарат	жыл ішінде	ЕХӘҚМ, ЕРДО, МАМ
17	«Skills Enbek» платформасында салалық курстарды әзірлеу және орналастыру	орналастырылған курстар	жыл ішінде	ЕХӘҚМ, ЕРДО, МАМ
10-нысаналы индикатор. Сала кадрларын жұмыс орындарымен қамтамасыз етуге бағытталған инвестициялық жобалардың саны *(2026 жыл – м/ж, 2027 жыл – нақтылануда, 2028 жыл – нақтылануда, 2029 жыл – нақтылануда)*				
18	Жұмыс орындарын құру мақсатында инвестор ұйымдармен келісімдерге (меморандумдарға) қол қою	келісім (меморандумы)	жыл ішінде	МАМ, ЖАО, ұйымдар (келісім бойынша)
4-ТАРАУ. КӘСІПТІК БІЛІКТІЛІКІ ТАНУ ЖҮЙЕСІН ЖӘНЕ МАМАНДЫҚТАР ТІЗІЛІМІН ДАМЫТУ				
11-нысаналы индикатор. Құрылған кәсіптік біліктілікі тану орталықтарының саны *(2026 жыл – 0, 2027 жыл – 0, 2028 жыл – 1 бірлік, 2029 жыл – 1 бірлік).* ***12-нысаналы индикатор.*** Мамандықтар тізіліміне енгізілген сала мамандықтарының үлесі *(2026 жыл – м/ж, 2027 жыл – нақтылануда, 2028 жыл – нақтылануда, 2029 жыл – нақтылануда)*				

19	Сала қызметкерлерінің кәсіптік біліктілікті тану рәсімдерін жүргізуді ұйымдастыру	ЕХӘҚМ-ге есеп (тану орталықтарының хаттамалары)	қажеттілігіне қарай	ЕРДО, МАМ, СК
20	Қажеттілігіне қарай саланың жаңа және трансформацияланатын мамандықтарын ескере отырып, мамандықтар тізілімін өзектендіру	ЕХӘҚМ-ге жолданған мамандықтар тізімі	қажеттілігіне қарай	МАМ, СК, ЕХӘҚМ, ЕРДО,